

СЫН-ПІКІР

Дипломның нобата
(жұмыс түрінің атауы)

Абдулла Арапхан Ахметов

(білім алушының аты-жөні)

58080500 - "Сү ресурстарын және сүні пайдалану"

(мамандық атауы және шифр)

Тақырыбы: "Аймақтың өлшемдерін Түркістан елді мекенінің сарқынды сүні және түркісіні нобатау"

Орындалды:

а) сызба материалдары 5 бет

б) түсініктемелік жазба 40 бет

ЖҰМЫС ҮШІН ЕСКЕРТПЕЛЕР

Дипломның нобата тақырыбы, мазмұны және көлемі дипломның нобатарына және "Сү ресурстарын және сүні пайдалану мамандығының кәсіптік бағалауы" ескеріліп отыр.

Дипломның нобата елді-мекенінің орналасуы мен, қалыптасуы, сарқынды сүні ағылшын және ғылымның ескеріліп, 154-ші тех. технология және ғылымның бағыты берілген. Дипломның нобата көлемі көлеміліктер бар: 154-ші тех. технология, ғылымның бағыты берілген. Дипломның нобата көлеміліктер бар: 154-ші тех. технология, ғылымның бағыты берілген. Дипломның нобата көлеміліктер бар: 154-ші тех. технология, ғылымның бағыты берілген.

Жұмысты бағалау

Жалпы дипломның нобата өте жақсы деңгейде орындалды. Жалпы бағалау мен, ол Абдулла Арапхан Ахметов 58080500 - "Сү ресурстарын және сүні пайдалану" бағалауы атауы мен.

«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ
СЫН-ПІКІР БЕРУШІ» КЕАҚ
ҚазҰАҒУ профессоры, Е. Е. Е.

А. Қос А. Қос

(колы)

(аты-жөні)

«06»

05

2022 ж.

**ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ
ПІКІРІ**

Дипломдық жоба

(жұмыс түрінің атауы)

Абдулла Арайлым Ахметқызы

(білім алушының аты-жөні)

5B080500 «Су ресурстары және суды пайдалану»

(мамандық атауы және шифр)

Тақырып:

Алматы облысындағы Түрген елді мекенінің сарқынды суын
әкету жүйесін жобалау:

Тақырыбы, мазмұны және көлемі бойынша дипломдық жоба дипломдық жобаларға және «Су ресурстары және суды пайдалану» мамандығына қойылатын талаптарға сәйкес келеді.

Бұл дипломдық жобаның тақырыбы бүгінгі таңда өте өзекті.

Жұмыс кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан және қосымшадан тұрады. Кіріспеде осы тақырыптың өзектілігін көрсетеді. Бірінші тарауда сарқынды суды әкету схемасы, гидравликалық есебі.

Екінші тарауда дипломант құрылыс өндірісінің технологиясын қарастырған.

Үшінші тарауда техникалық-экономикалық есептеулер берілген.

Жалпы жобаның мазмұны мен көлемі мамандықтың міндеті мен профиліне толық сәйкес келеді, орындаушының жеткілікті теориялық дайындығын сипаттайды, талаптарға сай келеді. Графикалық бөлік сапалы жасалған және түсіндірме жазбаның мазмұнын толық көрсетеді. Диплом 92 бағаға лайық және дипломант 5B080500 «Су ресурстары және суды пайдалану» бакалавр атағын беруге болады.

Научный руководитель

Ассист. проф. техн. ғыл. канд.
(должность, уч. степень, звание)

Бау Ф. И. О.
(подпись)

«06» 05. 2022г.

Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Абдулла Арайлым

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: «Алматы облысындағы Түрген елді мекенінің сарқынды суын әкету жүйесін жобалау».docx

Научный руководитель: Бибигул Ботантаева

Коэффициент Подобия 1: 13.2

Коэффициент Подобия 2: 4.3

Микропробелы: 0

Знаки из здругих алфавитов: 34

Интервалы: 0

Белые Знаки: 0

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

☒ Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.

☐ Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.

☐ Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.

☐ Обоснование:

Дата 28.04.2022

проверяющий эксперт

Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Абдулла Арайлым

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: «Алматы облысындағы Түрген елді мекенінің сарқынды суын әкету жүйесін жобалау».docx

Научный руководитель: Бибигул Ботантаева

Коэффициент Подобия 1: 13.2

Коэффициент Подобия 2: 4.3

Микропробелы: 0

Знаки из других алфавитов: 34

Интервалы: 0

Белые Знаки: 0

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

☒ Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.

☐ Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.

☐ Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.

☐ Обоснование:

Дата 28.04.2022

Заведующий кафедрой


**Университеттің жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаменті
директорының ұқсастық есебіне талдау хаттамасы**

Жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаментінің директоры көрсетілген еңбекке қатысты дайындалған Плагиаттың алдын алу және анықтау жүйесінің толық ұқсастық есебімен танысқанын мәлімдейді:

Автор: Абдулла Арайлым

Тақырыбы: «Алматы облысындағы Түрген елді мекенінің сарқынды суын әкету жүйесін жобалау».docx

Жетекшісі: Бибигул Ботантаева

1-ұқсастық коэффициенті (30): 13.2

2-ұқсастық коэффициенті (5): 4.3

Дәйексөз (35): 0.3

Әріптерді ауыстыру: 34

Аралықтар: 0

Шағын кеңістіктер: 0

Ақ белгілер: 0

Ұқсастық есебін талдай отырып, Жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаментінің директоры келесі шешімдерді мәлімдейді :

☐ Ғылыми еңбекте табылған ұқсастықтар плагиат болып есептелмейді. Осыған байланысты жұмыс өз бетінше жазылған болып санала отырып, қорғауға жіберіледі.

☐ Осы жұмыстағы ұқсастықтар плагиат болып есептелмейді, бірақ олардың шамадан тыс көптігі еңбектің құндылығына және автордың ғылыми жұмысты өзі жазғанына қатысты күмән тудырады. Осыған байланысты ұқсастықтарды шектеу мақсатында жұмыс қайта өңдеуге жіберілсін.

☐ Еңбекте анықталған ұқсастықтар жосықсыз және плагиаттың белгілері болып саналады немесе мәтіндері қасақана бұрмаланып плагиат белгілері жасырылған. Осыған байланысты жұмыс қорғауға жіберілмейді.

Негіздеме:

Күні

28.04.2022

Кафедра меңгерушісі

А.И.Ишова
Г.И.У.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ.Басенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

Абдулла Арайлым Ахметқызы

Алматы облысындағы Түрген елді мекенінің сарқынды суын әкету жүйесін
жобалау

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B080500 - «Су ресурстары және суды пайдалану»

Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті


Т.Қ.Басенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

ИЖЖЖ кафедра меңгерушісі

техн. ғыл. канд., қауым. проф.

 К.К.Алимова

«06» 05 2022 ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: «Алматы облысындағы Түрген елді мекенінің сарқынды суын
әкету жүйесін жобалау»

Мамандығы 5B080500 - «Су ресурстары және суды пайдалану»

Орындаған

«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ
Бағ. ҒАЗУ проф. Т.Б.Б.
А.Қаз. А.Т.Козмеева
«06» 05 2022 ж.



Абдулла А.А.

Жетекші

техн. ғыл. канд., қауым. проф.

 Ботантаева Б.С.

«06» 05 2022 ж.

Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ.Басенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

5B080500 - «Су ресурстары және суды пайдалану»

БЕКІТЕМІН

ИЖЖЖ кафедра меңгерушісі

техн.ғыл.канд., қауым. проф.

Алимова К.К.

«24» 01 2022 ж.

**Дипломдық жобаны орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Абдулла Арайлым Ахметқызы
Тақырыбы: «Алматы облысындағы Түрген елді мекенінің сарқынды суын әкету жүйесін жобалау»
Университет Басшылығының 2021 жылғы «24» желтоқсан №489-П/Ө
бұйрығымен бекітілген
Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі 2022 жылғы «30» сәуір
Дипломдық жобаның бастапқы берілістері:
Нысанның орналасқан орны: Алматы облысы Түрген ауылдық округі
Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі
а) Технологиялық бөлім;
б) Кәріз суын әкету жұмысының құрылыс технологиясы;
в) Экономикалық бөлім.
Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)
1) Түрген елді мекенінің бас жоспары; 2) Түрген елді мекенінің сарқынды су әкету жүйесі; 3) бас кәріз коллекторының бойлық профилі; 4) шыны пластик құбырды төсеу кезіндегі жұмыстарды жүргізу схемасы; 5) жұмыс жүргізудің күнтізбелік жоспары
Ұсынылатын негізгі әдебиет 10 атаудан

Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Технологиялық бөлім	03.02.22ж.-20.03.22ж.	<i>орындауға</i>
Кәріз суын әкету жұмысының құрылыс технологиясы	23.03.22ж.-17.04.22ж.	<i>орындауға</i>
Экономикалық бөлім	03.04.22ж.-10.04.22ж.	<i>орындауға</i>

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен
норма бақылаушының аяқталған жобаға қойған
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Кәріз суын әкету жұмысының құрылыс технологиясы	Б.С.Ботантаева техн.ғыл.канд.,қауым. проф.	<i>Б.С.</i>	<i>06.05.2022</i>
Экономикалық бөлім	Б.С.Ботантаева техн.ғыл.канд.,қауым. проф.	<i>Б.С.</i>	<i>06.05.2022</i>
Норма бақылау	А.Н.Хойшиев техн.ғыл.канд.,қауым. проф.	<i>06.05.2022</i>	<i>А.Н.</i>

Жетекші

Б.С. Ботантаева Б.С.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы

А.А. Абдулла А.А.

Күні

« *24* » *01* 2022 ж.

АНДАТПА

Дипломдық жобада Алматы облысындағы Түрген елді мекенінің кәріз суын әкету жүйесін жобалау қарастырылады. Технологиялық бөлімінде елді мекеннің табиғи- климаттық жағдайын қарастыра отыра, аудандық ауыз су, өнеркәсіптік кәсіпорынның сарқынды суларының шығынын есептеу. Сарқынды су әкету жүйесінде канализациялық құбырдың салу жолы мен кәріз суын тазалау қарастырылады.

Құрылыс технологиясы бөлімінде құрылыс алаңындағы жер жұмыстарының жер көлемін анықтай отыра, құрылыс машиналарын дұрыс таңдау қарастырылады.

Экономикалық бөлімінде негізгі құрылыс құнының барлық шығыны есептелінген.

АННОТАЦИЯ

Дипломный проект предусматривает проектирование системы канализации в поселке Тургень Алматинской области. Расчет расхода районной питьевой воды, сточных вод промышленного предприятия с учетом природно-климатических условий населенного пункта в технологическом отделении. Система канализации предусматривает строительство канализационной линии и очистку сточных вод.

Раздел технологии строительства рассматривает правильный выбор строительной техники, определение объемов земляных работ на строительной площадке.

В экономическом разделе рассчитываются все затраты на капитальное строительство.

ABSTRACT

The diploma project provides for the design of a sewerage system in the village of Turgen, Almaty region. Calculation of the consumption of district drinking water, wastewater from an industrial enterprise, taking into account the natural and climatic conditions of the settlement in the technological department. The sewerage system provides for the construction of a sewer line and wastewater treatment.

The section of construction technology considers the correct choice of construction equipment, the determination of the volume of earthworks at the construction site.

In the economic section, all capital construction costs are calculated.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	7
1 Технологиялық бөлім	8
1.1 Нысанның қысқаша мінездемесі	8
1.1.1 Табиғи - климаттық жағдайлар	7
1.2 Сарқынды суды алып кету жүйесі мен схемасы	7
1.3 Түрген елді мекенінің ауыз су –тұрғындарының тұрмыстық шаруашылығына қажетті су шығындары	8
1.3.1 Өнеркәсіптік кәсіпорындарының кәріз су шығындары	13
1.4 Елді мекеннің суын әкету жүйесіндегі әр учаскелердің сарқынды сулардың шығындарын есептеу	15
1.5.1 Канализациялық құбырлардың жүйесін гидравликалық есептеуге дайындау	16
1.5.2 Құбырлардың түрі мен формасы	19
1.5.3 Құбырлардың диаметрлері және науаның, құбырлардың толу дәрежесін анықтау	20
1.6 Құбырлардың максималды және минималды тарту тереңдіктері анықталады	22
1.7 Қоршаған ортаны қорғау	
2 Кәріз суды әкету жұмысының құрылыс технологиясы	25
2.1 Жер жұмыстарының жұмыс көлемін анықтау	25
2.2 Негізгі құрылыс машиналарын таңдау	26
2.2.1 Экскаватордың атқаратын жұмысы	26
2.2.2 Кранның атқаратын жұмысы	28
2.2.3 Бульдозердің атқаратын жұмысы	29
2.3 Техника қауіпсіздігі	30
3 Экономикалық бөлім	32
3.1 Құрылыс алаңындағы шығын есебі есебі	32
ҚОРЫТЫНДЫ	34
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	35
ҚОСЫМШАЛАР	36

КІРІСПЕ

Жер шарының су қабаты тоқсан жеті пайызы су бөлігінен тұрады және су-тіршілік көзінің қайнар көзі болып табылатын құрал болғандықтан, өсімдіктер құрамында тоқсан пайызын судан, ал адамның ағзасында алпыс бес пайызы судан құралады.

Қазіргі таңда сусыз тіршілік жоқ, адамзат суды қажеттілігіне қолдана отырып, пайдаланған суды қайта өңдеп, тазартып пайдаға асыру тиімдірек. Және жиырма бірінші ғасырда елімізде енді дамып келе жатқан процесс суды қайта өңдеу, яғни пайдаланған суды қайта қолданысқа жұмсау.

Сонымен, адамзаттың тұрмыстық қажеттілігіне, өндіріс орнының, технологиялық қажеттілігіне пайдаланғаннан кейін, және жаңбыр суының, қардың еруі өзінің бастапқы физикалық, химиялық қасиетін өзгерткен табиғи суды сарқынды су деп атаймыз. Сарқынды судың пайда болуына байланысты үш түрге бөлінеді. Олар:

- 1) Шаруашылық- тұрмыстағы сарқынды су;
- 2) Өндірістік орындардағы сарқынды су;
- 3) Атмосфералық сарқынды су, яғни жауын-шашынның суы.

Жоғарыда айтылып кеткен сарқынды суларды әкету барысында, әр кварталдардан жиналған сарқынды суды сорғы станциясы арқылы тазарту ғимараттарына жөнелтеді. Тазарту ғимараттары механикалық, химиялық, биологиялық тазалау әдістерінен тұрады. Әр тазарту ғимараттары өзінің техникалық қондырғылардан тұрады. Сарқынды суды тазалау ғимараттарынан кейін, су бөлу қыраттары бойынша байсейндерге суды жинайды және тазалаған суды ауылдық өндірістерде пайдалануға қата жөнелтеді.

Елімізде, әсіресе Алматы қаласында енді сарқынды суды тазалау ғимараттарынан тазалау жыл сайын дамып келе жатыр, және Алматы облысындағы ауылдық округтер тазарту станцияларын орнатып, сарқынды суды қайта іске асыру жылдан жылға өсуде. Бұл жағдай еліміздегі экономикалық процесті дамытып, суды үнеудеу арқылы, келешекте су тапшылығынан алдын алу қызметін атқарып жатыр. Экономикалық жағдаймен қатар әр қаладағы сарқынды суды тазалау арқылы, үнемдеу арқылы елімізде экологияны сақтаймыз.

Осы дипломдық жұмыста жаңадан салынып жатырған Алматы облысының Түрген елді мекенінің су әкету жүйесін зерттей отыра, сарқынды судың шығындары есептелінеді. Сарқынды сулардың шығынын есептеп, кәріз желілері мен құрылымдарының гидравликасын есептеу үшін қажет.

1 Технологиялық бөлім

1.1 Түрген елді мекеннің қысқаша мінездемесі

Түрген ауылдық округі Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданындағы ауыл. 1864 жылы Воронеж облысынан көшіп келгендер, орыс қоныстанушы халқы көп болғандықтан, шіркеу салынған. Сол кездегі атауы “Михайловское” болған, 1921 жылы кейіннен қазіргі қазақ атауына өзгертілген.

Географиялық орны Тянь-Шань тауларының жотасында орналасқан ауылдық округі, Түрген орталығы Есік қаласынан шығысқа қарай 12 км шақырымдай, ал Алматыдан 60 км шақырым жерде орналасқан. Шығыс жағында Іле өзенінен құятын, Түрген арығы ағып жатыр.

Ауылдағы алғашқы құрылыстардың бірі – ауыл іргесі қаланған жылы алдымен көтерген топырақ шіркеуі, одан кейін 14 жылдан кейін ауыл тұрғындары тас шіркеу салды. 1888 жылы жер сілкінісі салынған ғимаратты зақымдап, қиратты. Содан төрт жылдан кейін оның орнына жаңа ғибадатхана тұрғызылды, ол 20 ғасырдың басында, қайта жаңартылып, кеңейтілді. Сонымен қатар бірге салынған оған қоңырау мұнарасы бекітілді.

Қазіргі Түрген Іле Алатауы жотасының бойында орналасқан ең әдемі ауылдардың бірі болып саналады. Оның жасыл желекке малынған үйлері мен кең жүзімдіктері көркем суретті ұсынады. Мұнда жеміс-жидек, жүзім ежелден өсіріледі. Ауыл өзінің сауықтыру орталығымен танымал, мұнда емдеу негізі денені тазарту, пайдалы тағам, капиллярлық терапия және массаж емдік шаралары жақсы дамыған. Мұнда емдеу үшін Залман ванналары, шөптердің тұнбалары, «тірі» және «өлі» суы бар орамдар қолданылады. 1997 жылы алғашқы емделушілер қабылданған кезде орталық емдеу мекемелері ашылып, қазірдің өзінде жұмыс тоқтамай, дамып келе жатыр.

Түрген ауылының жері құнарлы болғандықтан, егіс алаңындағы дақылдар жақсы өнім береді. Олар бидай, жүгері, көкөністен картоп, жеміс-жидектен жүзім өнімі жақсы дамыған. Сонымен қоса жайылым жер 878,4 га жерді пайдалана отыра, 2900 ірі қара малы, соның ішінде 1380 сиыр, 5635 қой мен ешкі, 992 жылқы, 4000 шошқа, құс шаруашылығынан 4000 тауық, үйрек тағы да басқа құстар бар. Қазіргі таңда өнеркәсіп кәсіпорынан АҚ, ЖШС, ӨК жұмыс атқарылып жатыр.

Түрген елді мекенінің халық саны 2021 жылдың санағы бойынша 14227 адам. Демографиясы туылғандар саны 281 нәресте, қайтыс болған саны 56 адам. Алдағы жоспар Түрген ауылында жаңадан – емханалар, мектептер, балабақшалар, спорт кешендері салынуы жоспарлануда. Қазіргі таңда проблемалық мәселе сумен жабдықтау мен кәріз жүйесін жоспарлап салу. Сумен жабдықтаудың су құбыры желілерінің жалпы ұзындығы 62,2 км ғана. Сонымен қатар электрмен жабдықтау, газдандыру, 33 км жолға асфальт төсеу алдағы жылдарда жоспарлануда.

1.1.1 Табиғи - климаттық жағдайлар

Ауданның климаты континенттік болып келген. Қысы суық, жазы ыстық әрі құрғақ. Қыста қаңтар айының орташа температурасы -6 , -10°C . Қалың қар түседі, қалыңдығы 40 см. Жаз мезгілінің шілде айының орташа температурасы $20-24^{\circ}\text{C}$. Жылдық орташа жауын-шашын мөлшері 250 – 400 мм .

Жылдық орташа ауа ылғалдылығы алпыс сегіз пайызға тең. Ауыл таулы аймақтарда орналасқаннан кейін ерекшеліктерінің бірі жыл тұрақты желдер болып табылады.

1.2 Сарқынды суды алып кету жүйесі мен схемасы

Сарқынды суды алып кету жүйесі бірге және бөлек ағызуына байланысты үш категорияға жіктеледі. Олар сарқынды суды жалпы ағызатын шығын суы, бөлек ағызатын шығын суы, жартылай бөлінген шығын суы деп үш түрлерге бөлінеді. Біздің жағдайда бөлек ағызатын жүйе қабылданды, ол екі түрге бөлінеді толық бөлінген және толық бөлінбеген жүйе деп. Толық бөлінбеген жүйеде бір ғана тұрмыстық және өндірістік сарқынды суды алып кету торабы болады. Ауылдың жер бедеріне қарай төмен жақтан немесе көл, өзеннің жанынан бас жоспарлы коллектор болады. Коллектордың тереңділігі жеті метр асып кететін болса, сорғы станциясы қойылып, сарқынды сулар кәріз құдығына сорылады. Ауданның қату тереңділігіне қарай құбыр төселіну керек. Бас сарқынды сорғы станциясы негізгі коллектордан ауылдың шеткі жағында орналасады. Яғни тазарту ғимараттарына дейін қойылады. Осы негізгі коллекторға квартал аралық коллекторлар перпендикуляр арқылы түседі. Сарқынды суларды тазарту ғимаратына жіберу үшін, тұрғын шаруашылық, өндірістік сарқынды сулар бір бассейнге жинақталады. Ал үлкен өнеркәсіп өндірісі тікелей екінші бассейнге сарқынды сулары жиналады.

1.3 Түрген елді мекенінің ауыз су –тұрғындарының тұрмыстық шаруашылығына қажетті су шығындары

Сарқынды су шығыны дегеніміз – тұрғындардағы әр адамның қажеттілігіне жұмсалатын су шығыны, яғни күнделікті тұрмыстық қолданыстағы пайдаланған суды кәріз суы деп атаймыз

Абаттандыру дәрежесіне қарай тұрмыстық аудандарда сарқынды су шығын мөлшерін байланысты қабылданады. Менің абаттандыру көрсеткіш дәрежем 280 л тәулік, тұрғын үйде ішкі су құбырымен және ыстық сумен, ваннамен жабдықталған.

Сарқынды су шығынының біркелкісіздік коэффициенті

Сарқынды су шығыны жыл ішіндегі тәуліктерде және тәулік ішіндегі сағаттарда тербелмелі, әртүрлі болады. Осы тербелудің негізгі сипаттамасы

болып біркелкісіздік коэффициенті саналады. Біркелкісіздік коэффициенті сағаттық, тәуліктік, жалпы болып бөлінеді. Аудан үлкен болған сайын біркелкісіздік мәні аз болады, ал кіші болса коэффициент мәні үлкен болады.

Тәуліктік біркелкісіздік коэффициентті анықтайық:

$$K_1 = \frac{Q_{max}}{Q_{mid}} = \frac{6174,1}{3983,5} = 1,55, \quad (1)$$

мұндағы Q_{max} — жыл ішіндегі максималды шығын, м³,

Q_{mid} — орташа тәуліктік шығын, м³.

Сағаттық біркелкісіздік коэффициенті:

$$K_2 = \frac{q_{max(m)}}{q_{mid(m)}} = \frac{71,46}{47,08} = 1, \quad (2)$$

мұндағы $q_{max(m)}$ — тәулік ішіндегі максималды су шығыны, л/с.

$q_{mid(m)}$ — тәулік ішіндегі орташа су шығыны, л/с.

Жалпы біркелкісіздік коэффициенті:

$$K_{dep.max} = K_1 \cdot K_2 = 1,55 \cdot 1 = 1,55. \quad (3)$$

Орташа тәуліктік ауыз су шығынын тұрғындардың санына және суды пайдалану нормасына байланысты мынандай формула бойынша есептейміз:

$$Q_{mid} = \frac{q_6 \cdot N}{1000}, \text{ м}^3/\text{тәул.}, \quad (4)$$

мұндағы N — елді мекендегі тұрғындарының халық саны;

q_6 — су тұтыну нормасы, л/тәулік. (тәулік ішіндегі бір адамға шаққандағы).

Суды тұтыну нормасы абаттандыру дәрежесіне қарай қабылданады. Елді мекендегі тұрғындардың халқына байланысты судың мөлшерін келесідегідей есептейміз, м³/тәул.:

$$Q_{mid} = \frac{280 \cdot 14227}{1000} = 3983,5 \text{ м}^3/\text{тәул.} \quad (5)$$

Тәулік ішіндегі ең көп қолданылған судың шығынын келесідегідей есептейміз:

$$Q_{тәу.max} = K_1 \cdot Q_{mid}, \quad (6)$$

мұндағы K_1 — тәулік ішіндегі біркелкісіздік коэффициенті. ҚН бойынша мынаған тең. $K_{тәу.max} = 1,1-1,3$.

Сонда,

$$Q_{\text{тәу.макс}} = 1,55 \cdot 3983,5 = 6174,4 \text{ м}^3/\text{тәу.}$$

Максималды сағаттық сарқынды суды келесі формула арқылы есептейміз, л/с:

$$Q_{\text{max}(m)} = \frac{q_b \cdot N}{24 \cdot 1000} \cdot K_{\text{ден.макс}} = \frac{280 \cdot 14227}{24000} \cdot 1,55 = 257,27 \text{ м}^3/\text{тәул.} \quad (7)$$

$$q_{\text{max}} = q_{\text{mid}(s)} \cdot K_{\text{ден.макс}} = 47,08 \cdot 1,55 = 72,9 \text{ л/с}, \quad (8)$$

Енді, максималды секундты сарқынды суды келесі формула арқылы есептейміз, л/с:

$$q_{\text{max}} = \frac{q_b \cdot N}{86400} = \frac{280 \cdot 14227}{86400} \cdot 1,55 = 72,46 \text{ л/с}, \quad (9)$$

мұндағы $K_{\text{ден.макс}}$ —жалпы біркелкісіздік коэффициенті (ҚН нұсқауларын қолдану қажет.)

Орташа секундтық сарқынды су шығыны, л/с:

$$q_{\text{mid}(s)} = \frac{q_b \cdot N}{86400}, \quad (10)$$

$$q_{\text{mid}(s)} = \frac{280 \cdot 14227}{86400} = 47,08 \text{ л/с.}$$

Орташа сағаттық судың шығыны, м³/сағ.:

$$Q_{\text{орт.сағ}} = \frac{Q_{\text{mid}}}{24}, \quad (11)$$

$$Q_{\text{орт.сағ}} = \frac{3983,5}{24} = 165,9 \text{ м}^3/\text{сағ.}$$

Максималды сағаттық сарқынды су келесі формула арқылы анықталады м³/сағ.:

$$Q_{\text{жоғ.сағ}} = K_{\text{ден.макс}} \cdot \frac{Q_{\text{mid}}}{24} = 1,55 \cdot \frac{3983,5}{24} = 257,2 \text{ м}^3/\text{сағ.}, \quad (12)$$

Минималды сағаттық сарқынды су келесі формула арқылы анықталады м³/сағ.:

$$Q_{\text{төм.сағ}} = K_{\text{ден.макс}} \cdot \frac{Q_{\text{mid}}}{24} = 0,62 \cdot \frac{3983,5}{24} = 102,9 \text{ м}^3/\text{сағ.} \quad (13)$$

Әр квартал бойынша орташа тәуліктік, максималды су шығындары А.1–кестеде көрсетілген.

Елді мекендегі әр кварталдардан шыққан сарқынды сулардың жиынтығы максималды біркелкі емес коэффициенті таба отырып, минималды біркелкі емес коэффициентін анықтай аламыз. Табылған біркелкі емес орташа сарқынды су 1,55 л/с болғанда, минималды коэффициентіміз 0,62 тең болды.

Шоғырланған шығынды барлық шыққан су шығынын есептей отыра, яғни әр ғимараттардан шыққан сарқынды суды келесі формула бойынша есептейміз:

$$Q_{\text{шф}} = \frac{q_{\text{шф}}^1 \cdot N_1 + q_{\text{шф}}^2 \cdot N_2 + \dots + q_{\text{шф}}^n \cdot N_n}{1000(N_1 + N_2 + \dots + N_n)}, \quad (14)$$

мұндағы $q_{\text{шф}}^1$ – мектеп балаларының кәріз суы, л/тәул;

$q_{\text{шф}}^2$ – балабақшадағы бөбектердің кәріз суы, л/тәул;

$q_{\text{шф}}^3$ – аурухана адамдардың кәріз суы, л/тәул;

N_1 – мектептегі балалардың саны;

N_2 – балабақшадағы бөбектердің саны;

N_3 – ауруханадағы адам саны.

Түрген елді мекенінде үш ауысымда оқитын, 2855 оқушыға арналған мектеп салынған. Түрген қазақ орта мектебіндегі су шығынын анықтайық:

$$Q_{\text{мектеп орт.}} = \frac{q_0 \cdot N}{1000}, \quad (15)$$

$$Q_{\text{мектеп орт.}} = \frac{20 \cdot 2855}{1000} = 57,1 \text{ м}^3/\text{тәул.},$$

мұндағы q_0 – мектептегі бір оқушының су шығыны, 20 л;

N – мектептегі оқушылар саны.

Ауруханадағы кәріз суды есептейік:

$$Q_{\text{емхана орт.}} = \frac{q_0 \cdot N}{1000}, \quad (16)$$

$$Q_{\text{емхана орт.}} = \frac{13 \cdot 250}{1000} = 3,25 \text{ м}^3/\text{тәул.},$$

мұндағы q_0 – ауруханаға келген бір адамның су шығыны, 13 л;

N – емханаға келуші адам саны.

Моншадағы кәріз суды есептейік:

$$Q_{\text{монша орт.}} = \frac{q_0 \cdot N}{1000}, \quad (17)$$

$$Q_{\text{монша орт.}} = \frac{180 \cdot 100}{1000} = 18 \text{ м}^3/\text{тәул.},$$

мұндағы q_0 – моншаға келетін бір адамның су шығыны, 180 л;
 N – моншаға келуші адам саны.

Балабақшадағы кәріз суды есептейік:

$$Q_{\text{орт.}}^{\text{балабақша}} = \frac{q_0 \cdot N}{1000}, \quad (18)$$

$$Q_{\text{орт.}}^{\text{балабақша}} = \frac{21,5 \cdot 580}{1000} = 12,47 \text{ м}^3/\text{тәул.},$$

мұндағы q_0 – балабақшаға келетін бір бөбектің су шығыны, 75 л;
 N – бөбектердің саны.

Қалдық сарқынды су шығынын есептеу үшін шаруашылық тұрмыстағы сарқынды су шығынын ғимараттардан шығатын сарқынды су шығысынан алып тастау нормасы болып табылады. Қалдық сарқынды су шығынын есептеу келесі формула арқылы анықталады:

$$q_{\text{б.қал}} = q_{\text{б}} - \frac{Q_{\text{шоғ.}} \cdot 1000}{N}, \quad (19)$$

мұндағы $Q_{\text{шоғ.}}$ – әр ғимараттардан шыққан сарқынды су шығыны, м^3 ;

$$Q_{\text{шоғ.}} = \frac{2855 \cdot 20 + 250 \cdot 200 + 100 \cdot 180 + 580 \cdot 21,5}{1000(2855 + 250 + 100 + 580)} = 0,036 \text{ м}^3,$$

$$q_{\text{б.қал}} = 280 - \frac{0,036 \cdot 1000}{14227} = 280 \text{ л/тәул.}$$

Тәулік бойынша елді мекеннің шоғырланған шығындары А.2–кестеде көрсетілген.

1.3.1 Өнеркәсіптік кәсіпорындарының кәріз су шығындары

Түрген ауылдық округында Шарап өнімдерін шығаратын өнеркәсіп бар, оның жылдық қуаттылығы 2525 л, ал өндірілетін өнім көлемі 2021 жылдағы есеппен 3350 мың теңге.

Шарап өндіріс өнеркәсібі үш ауысымда жұмыс істейді, бірінші ауысымда 40 адам, екінші және үшінші ауысымда 30 адам жұмысшы жұмыс жасайды.

Өнеркәсіптік өндірісте сарқынды сулар шығыны шаруашылық-тұрмыстық сарқынды су және сусебер, өндірістік сарқынды сулардан тұрады.

Қырық бес минут ішінде бір душ торынан шыққан су шығыны 500 л деп қабылданған. Сонымен, бір душ торына он адамнан душ қызметін қолданады, яғни жұмысшылар санының 20 пайызы қолданады.

Өндіріс орындарынан шығатын сарқынды су шығыны: $14,55 \text{ м}^3/\text{тәул.}$ құрайды.

Өндірістік өнеркәсіпте үш ауысым бойынша есептік тәуліктік, сағаттық, секундтық су шығынын жұмысшылар санына байланысты есептейміз:

$$Q_{\text{тәу.}}^{\parallel} = \frac{25 \cdot n_1 + 45 \cdot n_2}{1000}, \quad (20)$$

$$Q_{\text{макс.сағ.}}^{\parallel} = \frac{25 \cdot n_3 \cdot K_1 + 45 \cdot n_4 \cdot K_2}{T \cdot 1000}, \quad (21)$$

$$q_{\text{макс.}}^{\parallel} = \frac{25 \cdot n_3 \cdot K_1 + 45 \cdot n_4 \cdot K_2}{T \cdot 3600}. \quad (22)$$

мұндағы n_1, n_2, n_3, n_4 — ыстық цехтағы, салқын цехтағы жұмысшылар саны;

25 және 45 литр—салқын және ыстық цехтағы су тұтыну мөлшері;

K_1, K_2 — сағаттық біркелкісіздік коэффициент су тұтыну мөлшеріне сәйкес етіп аламыз (2,5—3 тең):

Сусебер торының сағаттық су шығыны:

$$Q_{\text{сағ}} = \frac{500 \cdot n_c^1 \cdot 45}{60 \cdot 1000}, \text{ м}^3/\text{сағ.}, \quad (23)$$

мұндағы n_c^1 — өндіріс орындағы душтар саны.

Тәулік бойынша өндіріс орынның су шығындары А.2—кестеде көрсетілген.

1.4 Елді мекеннің суын әкету жүйесіндегі әр учаскелердің сарқынды сулардың шығындарын есептеу

Гидравликалық есептеулерден бұрын сарқынды су шығынын әкету барысында әр учаскелерді өзімізге қолайлы етіп бөліп, есептейміз.

Тұрмыстағы сарқынды суларды ағын модуль арқылы анықтаймыз. Ағын модулі деп—тұрғын үйлердің 1 гектарынан шығатын сарқынды су шығысы л/с.

Әр учаскелердің сарқынды су шығынын есептеу кезінде кварталдардың бөлінуіне байланысты бүйірлік, транзиттік, және шоғырланғын су шығындары арқылы есептеледі.

$$q_0 = \frac{n \cdot \rho}{86400}, \text{ л/с} \quad (24)$$

мұндағы n — тәулік ішіндегі 1 адамға шаққандағы су тұтыну нормасы л/тәулік;

ρ — халық тығыздығы, адам/га.

Сонда орташа су шығын формуласы:

$$q_{\text{mid.s}} = q_0 \cdot F, \text{ л/с}, \quad (25)$$

ал максималды су шығын формуласы:

$$q_{max.s} = q_0 \cdot F \cdot k_{gen.max}, \text{ л/с}, \quad (26)$$

мұндағы F -ағынның ауданы, га. Әр квартал бойынша тәуліктік орташа, максималды су шығындары А.1–кестеде көрсетілген.

Ағын ауданы тікелей өлшеулермен елді мекенді жоспарлау жобасы бойынша құбыр учаскелеріне тартылатын ағын алаңындағы кварталдарды бөлу арқылы анықталады.

Учаскедегі есептік шығын мынадай формула арқылы айқындалады:

$$q_{есептік} = q_{жолай} + q_{тр.} + q_{бүй}, \text{ л/с}, \quad (27)$$

мұндағы $q_{жолай}$ – кварталдардағы тікелей жанасатын орамдардан учаскедегі жолай шығын, л/с;

$q_{тр.}$ – жоғары орналасқан кварталдан есеп айырысу кварталына түсетін транзиттік шығын, л/с;

$q_{бүй}$ – бүйірлік қосылыстардан шығатын сарқынды сулардың шығыны, л/с.

Әр учаскедегі есептеу нәтижелері А.3– кестеде көрсетілген

1.5 Канализациялық құбырлардың жүйесін гидравликалық есептеуге дайындау

Гидравликалық есептеуге - құбырлардың диаметрлері, ылдилығын, толу дәрежесін еңістерін, сондай-ақ ағын жоғалуын мен арын жылдамдығын анықтау кіреді. Осы гидравликалық есептеуде елді мекеннің алынған учаскелерінің тереңдігі алынады, Түрген елді мекеннің жер бетінен құбыр арасындағы алынған тереңдік екі метр тереңдікте алдым. Және құбырлардың ең ұзыны 800 метр ұзындықта, ал диаметрі 600 мм керамикалық құбырлар қарастырылады. Осыған байланысты әр учаскелерінің жер бетінің және құбыр тереңділігі қарап, бойлық профиль салынады.

Канализациялық құбырларда әр түрлі органикалық заттар қалдықтары құрамында кездеседі және ерімейтін заттар өте көп болдықтан, құбырдағы жылдамдық аз болады да, қоспалар тұнба түрінде түседі. Канализациялық құбырдан сұйықтық қозғалысы кезінде қысымның жоғалуы астындағы формуламен анықтаймыз:

$$h = v \cdot v^m, \quad (28)$$

мұндағы v – құбырдағы сұйықтықтың түрінің коэффициенті;

v – құбырдағы сұйықтық тұтқырлығының кинематикалық коэффициенті;

m – ламинарлы қозғалыс кезінде 1 – ге тең, ал турбулентті қозғалыс кезінде $m=1,75$ тең болады.

Канализациялық құбырдағы сұйықтықтың қозғалыс режимін анықтау үшін Рейнольдс санын қолданамыз. Рейнольдс санында ламинарлы және турбулентті қозғалыстан тұрады. Ламинарды қозғалыс деп 2320 санынан аз сан болса, ал турбулентті қозғалыс деп 2320 санынан көп санды айтамыз.

Толық толған құбырлар үшін Re саны:

$$Re = \frac{v \cdot d}{\nu} = \frac{v \cdot 4R}{\nu}, \quad (29)$$

мұндағы v – құбырдағы сұйықтық қозғалысының орташа жылдамдығы, м/с;

d – канализациялық құбырдың диаметрі;

ν – құбырдағы сұйықтық тұтқырлығының кинематикалық коэффициенті.

Өздігінен ағатын құбырлардағы сұйықтықтарды гидравликалық есептеу келесі формулалар арқылы қарастырамыз.

1) Ағынның тұрақты ағу формуласы:

$$q = w \cdot v, \text{ м}^3/\text{с}, \quad (30)$$

мұндағы ω – құбырдағы ағынның тірі қимасының ауданы, м²;

v – құбырдағы ағынның орташа қозғалысының жылдамдығы (тірі қима бойынша).

2) Ағынның бірқалыпты турбулентті қозғалыс кезінде жылдамдықты анықтауға арналған Шези формуласы арқылы анықталады:

$$v = C \cdot \sqrt{R \cdot I}, \text{ м/с}, \quad (31)$$

мұндағы C – ағынның ұзындығы бойынша үйкеліске төзімділік коэффициенті (коэффициент Шези)

R – гидравликалық радиус, м,

$$R = \frac{w}{\chi}, \quad (32)$$

мұндағы χ – суланған жердің периметрі, м;

I – гидравликалық ағынның көлбеуі немесе беткейі судың бірқалыпты қозғалысы кезінде $I = i$, содан кейін

Шези коэффициентін анықтауға арналған Н.Н. Павловскийдің формуласы арқылы анықталады:

$$C = \frac{R^y}{n} \quad (33)$$

мұндағы n - канализациялық құбырлардың кедір-бұдырлық коэффициенті $0,012 \div 0,015$ аралығында қабылданады;
у-дәреже көрсеткішін табу үшін:

$$y = 2,5\sqrt{n} - 0,13 - 0,75\sqrt{R(\sqrt{n} - 0,1)} \quad (34)$$

Канализациялық құбырлардың өздігінен ағатын құбырлардың гидравликалық еңісін, көлбеуін ($I=i$) анықтауға арналған Дарси формуласы арқылы анықталады:

$$i = \frac{\lambda}{4R} \cdot \frac{v^2}{2g}, \quad (35)$$

мұндағы λ - құбырдағы сұйықтың ұзындығы бойынша үйкеліс кедергісінің өлшемсіз коэффициенті (Дарси коэффициентімен анықталады);
 g - сұйықтың еркін ағу үдеуі, м/с^2 .

Құбырдағы ағынның турбуленттілік дәрежесін ескере отырып, Дарси коэффициентін Н. Ф. Федоровтың формуласы арқылы анықтаймыз:

$$\frac{1}{\sqrt{\lambda}} = -2 \lg \left(\frac{\Delta}{13,68R} + \frac{a_2}{R_e} \right) = 0008 \text{ м/с}^2, \quad (36)$$

мұндағы Δ – канализациялық құбырдың абсолютті кедір-бұдырлықтың эквивалентті коэффициенті, см;

R -гидравликалық радиус;

a_2 –құбырдың кедір-бұдырлығының сипаттайтын өлшемсіз коэффициент.

Сұйықтықтың орташа жылдамдық формуласы:

$$v_{\text{орт}} = \frac{q}{\omega}, \quad (37)$$

мұндағы q -есептік сарқынды су шығыны, $\text{м}^2/\text{с}$;

ω -сұйықтықтың қиын ауданының көлемі, м^2 ;

Суды әкету жүйесіндегі гидравликалық есеп А.4-кестеде есептелініп, шығарылды.

Кестені толтырар алдында, учаскелердегі түйіндерді анықтап алдық, содан кейін әр учаскенің ұзындығы енгізілді. Жер белдеулеріне байланысты бастапқы және соңғы жер бетінің тегістілігі анықталды. Осыны анықтай отыра, құбырдың көлбеулігін және құбырдағы сұйықтықтың көлбеулігін немесе беткейін

анықтап, кестеге толтырылды. Әр учаскідегі түйіндердегі су шығыны есептелінді.

Сарқынды ағын су құбырлардың диаметрлері, құлау беткейі, ағын жылдамдығы, толу дәрежесін анықтау үшін Н.Н.Павловскийдің немесе Н.Ф.Федоровтың жоғарыда көрсетілген формуларды пайдаланып гидравликалық есептеу кесте мен номаграммаларын қолдана отырып, шығарылады.

Коллекторға дейінгі сарқынды судың максималды секундтық шығыны 26,73л/с шығын гидравликалық есептеулерде анықталды. Негізгі жеткізу коллекторының гидравликалық есептеу нәтижесінде анықталғандар: диаметрі $D=200$ мм, толтыру дәрежесі $\frac{H}{D} \leq 0,7$, жылдамдық $v=0,65$ м/с, беткейі $i=0,75$ есептелінді.

1.5.1 Құбырлардың түрі мен формасы

Канализациялық құбырлардың формалары әр түрлі болып келеді. Бірақта құбырды салу кезінде көбіне дөңгелек қима құбыры 90-% ы таңдалады. Басқа ауданды құбырлардан дөңгелек қима құбырының бірқатар айырмашылықтары бар. Олар:

- Құбыр формасының қрапайымдылығы, құбырды пайдалану кезінде қолайлығы;
- Құбыр формасының гидравликалық жағынан ең қолайлысы, және үлкен сұйықтықтың көлемі оңай түсуі.

Құбырлардың түрлерін айта кететін болсақ, жартылай дөңгелек, шатыр тәрізді, банкед, овоид, эллиптикалық, тік ендірмелері бар жартылай шеңберлі, төңкерілген түрлері бар. Бұл түрлерін тазарту ғимараттарында қолданады, әсіресе тұңба түсіру үшін керек құбырлар. Сығылған қима құбырлары кәріз сулары көп, және тарту тереңділігі таяз болса осы құбыр қолданылады. Және де коэффициент шығындары біркелкі болмаған жағдайда қолданылады. Ал нау тәрізді қима құбырлары көбінесе өндірістік өнеркәсіпте қолданылады.

1.5.2 Құбырлардың диаметрлері және науаның, құбырлардың толу дәрежесін анықтау

Канализациялық құбырлардың диаметрі таза су акелу құбырларынан айырмашылығы бар, үлкен болады. Сонымен қатар сарқынды су шығыны аз болса, диаметрі аз құбырды аламыз, ал сарқынды су шығыны көп болса, және кварталдар ауданы үлкен болса құбырдың диаметрін соған қарастырып аламыз. Орталық көшелерде диаметрі 400-600 мм құбыр алынды, ал аула көшелерде диаметрі 150-300 мм құбыр қабылданды.

Сарқынды сулардың қозғалыс бағытын анықтау режимі

Канализациялық құбырларда сұйықтықтың төмен жылдамдықпен ағуы ерімейтін қоспалар құбырды бітеуі мүмкін, яғни сұйықтықтың ағуына кері әсер келтіруі мүмкін. Сол үшін де құбыр желісінде ерімейтін қоспалар су ағынымен тасымалдануы керек.

Ерімейтін органикалық заттардың ішіне кіретіндер, табиғи минералды материалдар кіреді. Олар құм, шлак, қиыршық тас басқада заттар құбырда жақсы жүреді, шөгінділердің пайда болуынан сақтайды.

Органикалық заттар тұнбаға түспеу үшін желілерді жобалау барысында маңызды шарттарының бірі құбырлардағы ағынды сулардың қажетті жылдамдығын қадағалау керек.

Канализациялық құбырлардағы сұйықтықтың жылдамдығы бірқалыпты және бірқалыпсыз болып келеді. Бірқалыпты қозғалыс дегеніміз сұйықтықтың науаның ұзындығы орташа жылдамдықпен ағуын айтамыз. Ал бірқалыпсыз қозғалыс дегеніміз науа қимасының ауданы бойынша ағу жылдамдығы әртүрлі болған жағдайды айтамыз. Тұнбаның пайда болуы осы біркелкі емес қозғалыспен ағуына әсер етеді. Біркелкі емес қозғалыстың мынандай себептері бар.

Канализациялық құбырдың диаметрі үлкен болса, құбырдағы толу дәрежесі де үлкен болады. Сонымен құбырдың диаметрі үлкен болған сайын, сұйықтықтың жүру жылдамдығы да үлкен болады.

Канализациялық құбырларда және тазарту ғимараттарында ең минималды жылдамдық 0,4 м/с болады.

Металды құбырдан сұйықтықтың өтетін жылдамдығы -8 м/с болады, себебі құбыр қабырғасын құм қиыршығы қажалып өтпеу үшін. Ал металды емес құбырдан сұйықтық жылдамдығы -4 м/с қозғалыста болады.

Көлбеу құбырдың ағын жұмысына, сол ағынның кедергісіз дренаждың қабылдағышқа төгілуін айтамыз. Осы сарқынды су желісінің әкету көлбеулігін Дарси немес Шези формулары бойынша анықталды. Құбыр диаметрлері 400 және 600 мм болған жағдайда, төгілу көлбеуі 0,002 және 0,001 көлбеуі ұстанады.

Минималды көлбеу құбырларды анықтау үшін осы формула бойынша анықталады:

$$i_{min} = \frac{\lambda}{4R} \cdot \frac{\vartheta^2_{min}}{2g} = \frac{1}{d'} \quad (38)$$

мұндағы d' - канализациялық құбырдың диаметрі, мм.

1.6 Құбырлардың максималды және минималды тарту тереңдіктері анықталады

Түрген елді мекеннің жер қыртыстары бойынша геология ғылымы зерттелінді, жердің қатуы бойынша құмды, ұсақ құмды, сазды жердің қатуы 1,2

метр болса, ал қиыршық тас, ірі орташа құмды жердің қату тереңділігі 1,3-1,5 метрде жер қатады. Елді мекеннің қату тереңділігіне қарай құбырды төсеу осы көрсеткішке қарай төсейміз.

Бірақта канализациялық құбырларда таза ауыз су акелу құбырынан салыстырғанда қату көрсеткіші аз болады. Өйткені кәріз суларында ағын 10-14 градуспен сұйықтық ағады.


Әр түрлі диаметрдегі құбырлардың тарту тереңдігін астындағы формула бойынша анықтаймыз:

$$h_{min} = h_{пр} - (0,3 \div 0,5) \geq 0,7 + D, \quad (39)$$

мұндағы $h_{пр}$ — жердің қату нормативтік тереңдігі, м (ҚНЖЕ құрылыс климатологиясы және геофизика”);

D — канализациялық құбырдың диаметрі, м.

Рельефтегі орташа көлбеу аз болған жағдайда, яғни аула және әр квартал желісінен, онда суреттегідей сұлбаға қарап анықтаймыз.



1 Сурет - Аула сарқынды су желісін көшедегі кәріз құдығына қосу схемасы

Жоғарыда көрсетілгендей бастапқы H тереңдігін есептеу формуласы келесідей болады:

$$H = h + i(L + l) - (Z_k - Z_y) + \Delta d, \text{ м}, \quad (40)$$

мұндағы h — кварталдың кәріз құбыры наусының орналасқан тереңдігі, м;

L - сарқынды сулардың алыс шығарылған тереңділігі (орам тереңдігі) учаскеіден аула желісіне дейінгі аула желісінің шекарасына дейінгі ұзындығы, яғни қызыл сызыққа дейінгі), м;

l- қызыл сызықтан көше құдығына дейінгі учаскедегі құбырлардың ұзындық м;
i - аула еңісі;
 Z_K - аула желісінің ең алыс құдықтың жер бетіндегі жер белгісі, м;

